

Жакыпова Гулнур Мухамеджановнаның  
8D07366 - Құрылымдың материалдарын, бұйымдарын және  
құрастырылымдарын өндіру оку бағдармаласы бойынша PhD философия докторы  
дәрежесін алу үшін

**«Жергілікті шикізат ресурстары негізінде майда түйіршікті бетоннан  
төсөніш тақтайшаларын өндіру технологиясы»** тақырыбында дайындаған  
диссертациясына реєстрированы рецензенттің жазбаша пікірі

Р/Н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Реєстрированы рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылыминың даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламалар -ға сәйкес болуы	<p>1.1 Ғылыминың даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p>1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі);</p> <p>2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы);</p> <p><u>3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)</u></p>	<p>1.1 Диссертация тақырыбы қазіргі кездең ғылыминың даму бағыттарына сай жасалған. Құрылымдың материалдар индустриясы өзекті мәселелердің бірі болып ресурсты үнемдеуші технологияларды жасау қажеттілігі туындалған. Осы бағытта диссертацияның тақырыбы мемлекеттік бағдарламаға сәйкес деп айтуда болады.</p> <p>Диссертациялық жұмыс 2023-2025жылдарға арналған жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен «Геология, минералды және көмірсутек шикізатын өндіре және қайта өндеу, жаңа материалдар, технологиялар, қауіпсіз бұйымдар мен конструкциялар» ғылыминың дамытудың басым бағытына сәйкес келеді.</p> <p><b>Қарастырылған диссертациялық жұмыс</b> Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 31 желтоқсандағы № 1050 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 508 қаулысымен.</p> <p>Қазақстан Республикасын индустриялық-инновациялық дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы аясында жасалды.</p>
2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/ қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған /ашылмаған.	<p>Автордың диссертациялық жұмысы ғылымға маңызды және ол жұмыста ашылған деп айтуда болады. Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады.</p> <p><b>Диссертациялық жұмыста:</b> Жол бұйымдарына арналған сапалы майдатуіршікті бетонды алу үшін модификациялау арқылы құрамына С-3, ЖБМ күл қосу арқылы капиллярлы құбыстырылғын төмендеткен, тығыздығы</p>

жоғарылаған және цемент тасы мен толтырғыштар арасындағы бірігу (контакт) аумағы берік болатыны дәлелденген.

Жол бұйымдарына арналған жоғары сапалы майдатүйіршікті бетонның технологиясы жасалған. Оның модификациялық негізі С-3, ЖБМ мен күлден тұратын органоминералды қоспа құрылымы анықталған.

Органикалық минералды қоспасы бар жол төсеміне арналған жоғары сапалы МТБ негізгі физикалық-механикалық қасиеттері (иілу кезіндегі сығымдау және созылу беріктігі, серпінділік модулі, шөгу деформациясы) зерттелген.

Органоминералды қоспаның тиімділік сапасын анықтайтын негізгі құрылымстық техникалық қасиеттеріне байланысты математикалық модель жасалды. Майдатүйіршікті бетон араласпасының қажетті ынғайлы жайылымдылығына байланысты органоминералды қоспа портландцемент массасынан 5-25 % қосылған. Жол бұйымдарына арналған органоминералды майдатүйіршікті бетондардың тиімді құрамдары жасалынған. Олар ынғайлы жайылымды бетон араласпасының технологиялық талаптарына сәйкес жасалған. Жоғары сапалы жол бұйымдарына арналған жоғары сапалы органоминералды майдатүйіршікті бетонның негізгі физика-механикалық қасиеттері (сығу, иілу кезіндегі беріктігі, серпінділік модулі) зерттеліп, анықталған.

Диссертациялық жұмыста нәтижелерді алу үшін мынадай аспаптар колданылды:

- бетонның майдадисперсті материалдарының қасиеттерін зерттеу және ұнтақтарды майдалаудың жіңішкелігін анықтау үшін УПВ-1 аспабы;

- Рентгенді-фазалық талдау зерттеулері үшін Дрон-4 дифрактометрі қондырығысы;

- дифференциальды термиялық анализдер үшін мом фирмасының Q-

			1500d дериватографы мом фирмасының Q-1500d дериватографы аспаптары қолданылды.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаган	<p>Диссертацияны бағалай отырып, зерттеудің өзі жазу деңгейінің <b>жоғары</b> деңгейін атап өткен жөн. Автор тақырыпты терең түсінетіндігін көрсете білді, алға қойған мақсатын анықтай отырып, нақты зерттеулер арқылы жаңалық ұсынған. Автор мәселелерді сыйни талдау, сілтемелерді ұтымды ұсынған. Диссертацияда алынған теориялық нәтижелер автордың жеке өзі жүргізген зертханалық зерттеулерінің нәтижелеріне негізделген.</p> <p>Іздешуші майдатүйіршікті бетонды жақсарту үшін пайдаланатын шикізаттардың химиялық-минерологиялық құрамдарын зерттеген.</p> <p>Майдатүйіршікті бетонның тиімділігін арттыру үшін ЖЭО күлін және жоғары активті метакаолинитті, С-3 қоспасын бірге майдалау арқылы қол жеткізген.</p> <p>Өндіріс технологиясының жағдайына және қазіргі заманы өнеркәсіпте шыгаратын майда түйіршікті бетонның сапалық деңгейіне жүргізілген шолу негізінде байланыстырығыш заттың шикізат компоненттерін белсендіру үшін механикалық-химиялық әдістерді қолданған, сондай-ақ зерттелетін бетонның жана құрамын таңдау арқылы технологияны одан әрі жетілдірген.</p> <p>Автор ЖЭО күлдері негізінде жол төсөніш тақтайшаларының онтайлы құрамын математикалық әдіспен анықтап, қасиеттерін зерттеді.</p> <p>Ұсынылып отырған жергілікті ресурстар негізінде жол төсөніш тақтайшаларын дайындау технологиясы мен оны құрылышты абағандыру жұмыстарында қолдану ерекшеліктерін зерттеді.</p>
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; 2) жартылай негізделген;	Диссертациялық жұмыстың тақырыбы өзекті болып табылады және ол жақсы негізделген. Өйткені құрылышка сапалы және ресурсты

		<p>3) негізделмеген.</p>	<p>унемдеуші технологиялар енгізу өзекті мәселелердің бірі.</p> <p>Автор осыған байланысты мұнай қалдықтарын және ЖЭО күлдерін кәдеге асырудың бір жолы – оларды жол төсөніш тақтайшалары өндірісінде пайдалануды карастырды.</p> <p>Диссертациялық жұмыстың өзектілігі қазіргі мәселелердің бірі – құрылышты абағтандыру жұмыстарының сапасына ерекше көңіл бөлу. Осыған байланысты автор жол сапасын арттыру және салынған жолды пайдаланудың мерзімін ұзарту мақсатында жана тиімді шешімдер іздестіруге арнаған.</p>
		<p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындауды:</p> <p>1) айқындауды;</p> <p>2) жартылай айқындауды;</p> <p>3) айқындаамайды</p>	<p>Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын толығымен айқындауды. Автор ЖЭО күлдерінің құрамына түрлі қоспалар қосу арқылы жана құрамының технологиялық касиеттерін жетік зерттеген.</p>
		<p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:</p> <p>1) сәйкес келеді;</p> <p>2) жартылай сәйкес келеді;</p> <p>3) сәйкес келмейді</p>	<p>Ізденушінің ғылыми жұмыстың алдына қойған міндеттері мен мақсаттары ұсынылып отырған диссертацияның тақырыбына сәйкес келеді деп айтуга болады.</p>
		<p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылышы логикалық байланыскан:</p> <p>1) тольық байланыскан;</p> <p>2) жартылай байланыскан;</p> <p>3) байланыс жоқ</p>	<p>Диссертация кіріспеден, 4 тараудан тұрады. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылышы логикалық байланыскан деп тұжырымдауға болады. Бірінші тарауда- майда түйіршікті бетоннан төсөніш тақтайшаларын өндіру технологиясының қазіргі жағдайын талдау бойынша әдебиеттік шолу, зерттеу әдістері мен қолданылған шикізаттардың сипаттамалары көрсетілген.</p> <p>Бетонның майдадисперсті материалдарының қасиеттері зерттелген. Жол төсөніш тақтайшаларын жасаудың жаңа құрамына рентгенді-фазалық талдау, дифференциальды термиялық анализ, электронды-микроскопиялық анализ жасалынған.</p>
		<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып</p>	<p>Автор эксперименттік жұмыстарды математикалық әдіспен жоспарлау арқылы органоминеральды қоспа қосылған байланыстырылыштың және</p>

		<p>бағаланған:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li><u>1) сыни талдау бар;</u></li> <li>2) талдау жартылай жүргізілген;</li> <li>3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген</li> </ol>	<p>майдатүйіршікті бетон құрамының онтайлы құрамын жасаған.</p> <p>Автор ЖЭО күлдері негізінде жол төсөніш тақтайшаларының технологиясы және оны құрылышты абаттандыру жұмыстарында қолдану параметрлері гылими түрғыдан дәлелдеп, бұрыннан белгілі шешімдермен сынни талдау жүргізе білді.</p>
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен қафидаттар жаңа болып табыла ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> <li><u>1) толығымен жаңа;</u></li> <li>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</li> <li>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</li> </ol>	<p>Ғылыми нәтижелер мен қафидаттар толығымен жаңа болып табылады.</p> <p>Жергілікті шикізат ресурстарын ЖЭО күлі және С-3 қоспасын бірегей майдалау және ЖБМ косу арқылы біртектілігі жоғары және капилярлы кеуектілігін төмендететін жол бұйымдарына арналған тиімді майдатүйіршікті бетон алынған.</p> <p>МТБ құрамында цемент тасының қатаю процесінде кезінде төменгі негіздегі гидросиликаттар, пломберит минералдары (<math>C_5S_6H_n</math>), гидролит минералы пайда болып және гидратациялану дәрежесінің жоғарылауына, гидросиликаттардың кристалдану процестерін жеделдетуге және майдатүйіршікті бетонның беріктігінің ұлғауына себеп жасаған.</p> <p>Капилярлық кеуектілікі төмендетуге, тығыздықты арттыруға, төмен негізді кальций гидросиликаттары түрінде тұрақты жаңа түзілімдерді алуға, сондай-ақ цемент тас пен толтырғыш арасындағы байланыс аймагын нығайтуға ықпал ететін метакаолин модификаторынан және ЖЭО күлінен тұратын органоминералды қоспаны енгізу арқылы жол төсемдері үшін қасиеттері жақсартылған МТБ алынған.</p>
		<p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> <li><u>1) толығымен жаңа;</u></li> <li>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</li> <li>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</li> </ol>	<p>Іздешушінің диссертациялық жұмысындағы қорытындылары жаңа болып табылады.</p> <p><b>Біріншіден</b> -органоминералды (ЖЭО күл-С-3, ЖБМ) қоспалар негізінде майдатүйіршікті бетонның онтайлы құрамын анықталған және оның қасиеттері зерттелген;</p> <p><b>Екіншіден</b> -органоминералды (кул - С-3, ЖБМ) қоспалар негізінде</p>

			<p>майда түйіршікті бетонды жасаудын технологиясы дайындалған;</p> <p><b>Үшіншіден</b> -органоминералды қоспа негізіндегі жол төсемдеріне арналған бетонды қолданудын экономикалық тиімділігінің есебі есептелген.</p>
		<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?</p> <p>1) толығымен жаңа;      2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);      3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа деп айтуға болады.</p> <p>Автор Қызылорда ЖЭО күлін қоспа ретінде пайдалануды қарастырып, оны теориялық тұрғыдан негіздел және эксперименталды түрде раставды.</p> <p>Жергілікті шикізат ресурстары және органоминеральды қоспалардан жасалған МТБ төсениш тақталарының тәжірибелік-өнеркәсіптік партиясын шығару экономикалық және экологиялық жағынан тиімділігін көрсетті.</p>
6.	Негізгі қорытындыла р-дың негізділігі	<p>Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде <u>негізделген/негізделмеген</u> (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)</p>	<p>Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген.</p> <p>Диссертант әр түрлі құрамдағы Қызылорда ЖЭО-ның күлін пайдалана отырып, жол төсениш тақтайшаларына арналған композициялық байланыстырышты жобалау қағидатын ұсынды.</p> <p>Автор Қызылорда ЖЭО күлін майдатуйіршікті бетонға қосып, жол төсениш тақтайшаларына құрылымдық қоспа ретінде пайдалану мүмкіндігі теориялық тұрғыдан негізделген және эксперименталды түрде расталған.</p> <p>Жалпы қорыта келе автор әр түрлі құрамдағы жол төсениш тақтайшалар үшін МТБ тұрақтылығының едәуір артуына органоминералды қоспаны қолдану негізінде қол жеткізген. Оның құрамына мыналар кіреді: С-3 суперпластификаторы, ЖБМ және Қызылорда қаласының ЖЭО күлі. Бұл қоспаны кешенді сынау кезінде органикалық минералды қоспасы бар жол төсениш тақтайшаларын МТБ жасау үшін пайдаланғанда массаның жоғалуын 5-15 есеге төмендетуге және беріктікті 1,7-3,3 есеге жоғарылатуға қол жеткізіліп, экспериментальды түрде алғынған.</p>

7.	Корғауға шығарылған негізгі қағидаттар	<p>Әр қағидат бойынша келесі сұраптарға жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденді ме?</p> <p>1) <u>дәлелденді;</u>      2) шамамен дәлелденді;      3) шамамен дәлелденбеді;      4) дәлелденбеді</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) ия;      2) жок</p> <p>7.3 Жана ма?</p> <p>1) ия;      2) жок</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>1) тар;      2) орташа;      3) кең</p> <p>7.5 Макалада дәлелденген бе?</p> <p>1) ия;      2) жок</p>	<p>7.1 Ұсынылып отырған диссертациялық жұмыста әр қағидат дәлелденді.</p> <p>Жергілікті шикізат ресурстары негізіндегі майдатүйіршікті бетоннан жол бұйымдарын жасау технологиясы жасалынды.</p> <p>-Қызылордада ескі күл үйінділері күлінің химиялық және минерологиялық құрамы зерттелді;</p> <p>-ЖЭО күлінің химиялық және минерологиялық құрамына байланысты бетон және минералды байланыстырығыш зат өндірісінде қолдану жолдары зерттелді;</p> <p>-Органоминералды қоспа негізіндегі майдатүйіршікті бетон қасиеттері зерттелді;</p> <p>-Жергілікті шикізат ресурстары негізіндегі майдатүйіршікті бетоннан төсөніш тақтайшаларын өндіру технологиясы жасалды.</p> <p>Ұсынылып отырған жергілікті ресурстар негізінде жол төсөніш тақтайшаларын дайындау технологиясы мен оны құрылым алаңдарын абаңтантандыру аймағында қолдану ерекшеліктері зерттелді;</p> <p>Автор органоминералды қоспа негізіндегі майдатүйіршікті бетоннан төсөніш тақтайшаларын пайдаланудың тиімділігін есептеді.</p> <p>7.2 Корғауға шығарылған негізгі қағидаттар тривиалды емес.</p> <p>7.3. Диссертациялық жұмыста алынған нәтижелер жана. Тақырып бойынша өнертабыска 3 патент алынды.</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі кең деп тұжырымдауға болады.</p> <p>7.5 Алынған нәтижелер макалаларда дәлелденген.</p>
8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	<p>8.1 Әдістеменің тандауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған</p> <p>1) ия;      2) жок</p>	<p>Әдістеменің тандауы - негізделген және зерттеу әдіснамасы нақты жазылған.</p> <p>Автор диссертациялық жұмыста қойылған міндеттерді шешу алдынғы зерттеулерді қорытындылау және талдауды, жана аналитикалық, зертханалық қондарығыларды пайдаланумен жасаған.</p>

		<p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өндеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:</p> <p><u>1) ия;</u> <u>2) жоқ</u></p>	<p>Автор өндірістік-тәжірибелік-сынақтарды, технология әзірлемелерін қамтитын ғылыми зерттеулерді орындаудың жалпы қабылданған әдістемеге сәйкес жүргізген.</p> <p>Диссертациялық жұмыста статистикалық деректерді талдаудың компьютерлік технологияларды қолдану деректерді өндеу жасалынған мақсаты мен міндеттері толық орындалған.</p>
		<p>8.2 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):</p> <p><u>1) ия;</u> <u>2) жоқ</u></p>	<p>Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталғаны көптеген эксперименттік жұмыстармен дәлелденгенін көрсетеді.</p>
		<p>8.4 Маңызды мәлімдемелер накты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен <u>расталған</u> / ішінара расталған / расталмаған</p>	<p>Маңызды мәлімдемелер накты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сүйеніп жасалды. Диссертациялық жұмыста алынған тұжырымдамалар мен мәлімдемелер ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған. Диссертациялық жұмыс техникалық жаңалығы бойынша 3 пайдалы модельге патенттермен расталған.</p>
		<p>8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз</p>	<p>Диссертацияның бірінші тарауында және одан кейінгі бөлімшелерде пайдаланылған әдеби шолуларға байланысты тізім 116 ғылыми сілтемелерге жасалған және жеткілікті деп санаймын.</p>
9	Практикалық құндылық принципі	<p>9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар:</p> <p><u>1) ия;</u> <u>2) жоқ</u></p>	<p>Диссертация теориялық жағынан ұтымды жасалған және маңызы бар. Атап айтқанда Қызылорда облысында орналасқан Қызылорда ЖЭО-нан жиналған күл үйінділері негізінде тротуарлы тақтайшаларды алу және оны құрылысты абаттандыруда пайдалануға негізделген. ЖЭО күлдерін жол төсөніш тақтайшалары құрамына қолдана отырып, оның технологиясын әзірлеу және құрылысты абаттандыруда қолдану параметрлері жасалғаны дәлел.</p>
		9.2 Диссертацияның	Қазіргі кезде майдатуїршікті бетондар

	<p>практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:</p> <p><u>1) ия;</u> 2) жок</p>	<p>агрессивті қоршаған орта әсеріне ұшырап, бетінде тұздар пайда болып, бұйымның сыртқы түрі нашарлап, кирауына әкеп соқтырады. МТБ-га кәдімгі ауыр бетонга қарағанда портландцемент шығыны жоғары. Бұл мәселені шешудің мүмкін бағыттарының бірі, ол майдатүйіршікті бетонның касиеті мен құрылымын қоспалар қосу арқылы жаксарту болып табылады.</p> <p>Сондықтан диссертацияның тематикасы – органоминерлды қоспа қосылған майдатүйіршікті бетон жылу электр орталығының күлдері негізінде жол төсөніш тақтайшаларын пайдалану маңызды. Тәжірибе жүзінде қолдануға болады.</p> <p>Техногенді қалдықтарды ЖЭО күлдерін құрылыш материалдары саласында қолдану арқылы қоршаған ортанды экологиялық жағдайды жаксартуға болатыны МТБ өндірісі нақты дәлел екенін көрсетті.</p> <p>ЖЭО күлін және кондициялы емес толтырыштарды қолдану арқылы МТБ бұйымдарының экономикалық тиімділігі көтеріліп өзіндік бағасы төмендетілген жол төсөніш тақтайшаларын алу технологиясы жасалды.</p>
9.3	<p>Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады?</p> <p><u>1) толығымен жаңа;</u> 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Практикалық ұсыныстар толығымен жаңа деп санауга болады.</p> <p>Автор Қызылорда ЖЭО-нан бөлінген күл үйінділерді жол төсөніш тақтайшаларына қосу арқылы кешенді онтайлы құрамды эксперименталды түрде анықтады.</p> <p>Практикалық маңыздылығы – бұл жергілікті шикізатты, жылу электр орталығының күлін, майдатүйіршікті бетоннан жасалынған жол төсөніш тақтайшаларына қолданудың нәтижесінде жасалған технологиялық шешімдердің экономикалық тиімді екені қажетті есептеулермен анықталып дәлелденді.</p>
10.	<p>Жазу және ресімдеу сапасы</p> <p>Академиялық жазу сапасы:</p> <p><u>1) жоғары;</u> 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.</p>	<p>Диссертациялық зерттеу сапалығылыми жұмыстың маңызды аспектілерінің бірі болып табылатын академиялық жазудың <u>жоғары</u> деңгейін көрсетеді. Диссертация</p>

			ғылыми-техникалық тілде, түсінікті, кәсіби техникалық стилде жазылған. Негізгі ережелер мен қорытындылар толық және сенімді. Зерттеу жұмысы қазақ тілінде, қойылған талаптарға сай жазылған кешенді еңбек.
12.	Ресми рецензенттің шешімі		.

**Қорытынды:** 1) Диссертациялық зерттеудің жоғарыда аталған тұстарын ескере отырып, Г.М.Жакыпованың «Жергілікті шикізат ресурстары негізінде майда түйіршікті бетоннан тесеніш тақтайшаларын өндіру технологиясы» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы қойылған міндеттер жоғары техникалық деңгейде шешілген тұтас, логикалық байланысты аяқталған жұмыс болып табылады. Мазмұны және рәсімделуі бойынша диссертациялық жұмыстарға қойылатын барлық талаптарға сәйкес келеді.

Сондықтан, Жакыпова Гулнур Мухамеджановна «8D07366 - Құрылым материалдарын, бұйымдарын және құрастырылымдарын өндіру» оку бағдармаласы бойынша философия докторы (PhD) дөрежесін алуға лайықты.

**Ресми рецензент:**

**Әбілқас Сағынов атындағы**

**Қарағанды техникалық  
университетінің ҚеАҚ,  
«Құрылым материалдары және  
технологиялары»  
кафедрасының қауымдастырылған  
профессоры, техника ғылымдарының  
кандидаты**

**Рахимова Г.М.**

*12.2024*



Техника ғылымдарының кандидаты, доцент Рахимова Г.М. қолын растаймын.

**РАСТАЙМЫН  
ӘЗД директоры**

